# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 70-МӘЖІЛІСІ

**Нұр-Сұлтан / Қазақстан** **25/09/2021**

| | |
|---|---|
| **Профессор доктор Мухиттин Шимшек**<br>Өкілетті Кеңес төрағасы,<br>Мармара университетінің профессоры | **Қуаныш Асылханұлы Ерғалиев**<br>Өкілетті Кеңес төрағасының орынбасары,<br>ҚР Білім және ғылым вице-министрі |
| **Профессор доктор Ибрахим Калын**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі,<br>Т.Р. Президент Кеңсесінің баспасөз хатшысы | **Доцент доктор Аида Қыстаубайқызы Сагинтаева**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі,<br>Назарбаев Университеті дербес білім беру ұйымының Жоғары білім беру мектебінің деканы |
| **Доктор Сердар Чам**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі, Т.Р. Мedениет және Туризм вице-министрі | **Ұлан Қалмұханұлы Тәжібаев**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі,<br>Түркістан облысы әкімінің орынбасары |
| | **Ләззат Амангелдықызы Тұрымбаева**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі,<br>ҚР Қаржы министрлігі<br>Әлеуметтік сала бюджеті департаментінің директоры |
| | **э.ғ.к. Жанар Амангелдіқызы Темірбекова**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі,<br>Ахмет Ясауи университетінің ректоры |

# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 70-МӘЖІЛІСІ

**Нұр-Сұлтан / Қазақстан** **25_09_2021**

***Өкілетті Кеңестің 70-мәжілісінің шешімдері 12 баптан тұрады.***

## 1. Мәжілістің ашылуы және күн тәртібімен таныстыру.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңесінің 70-мәжілісі 2021 жылы 25 қыркүйек күні Өкілетті Кеңес төрағасы, проф.док., Мухиттин Шимшек тарапынан ашық деп жарияланды. Мәжілісті бастау үшін қажетті кворум жиналды. Өкілетті Кеңес мүшелеріне күн тәртібі таныстырылды. Күн тәртібіндегі мәселелерді рет-ретімен талқылау туралы шешім қабылданды.

## 2. Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан жалпы мәлімет ұсыну.

Өкілетті Кеңес төрағасы Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан атқарылған жұмыстар туралы мәлімет берді **(1-қосымша).**

Өкілетті Кеңес төрағасының берген мәліметіне Өкілетті Кеңес мүшелері өз ризашылықтарын білдірді.

## 3. Ректораттың 2020-2021 оқу жылында атқарған қызметі мен қол жеткізген жетістіктері (Performans) туралы есебін ұсыну, талқылау және бекіту.

Университет ректоры 2020-2021 оқу жылында Ректораттың атқарған қызметі туралы мәлімет пен қол жеткізген жетістіктері (Performans) туралы есеп берді **(2-қосымша).**

Талқылау нәтижесінде Өкілетті Кеңес мүшелері Ректор тарапынан ұсынылған есепке оң баға берді және 2020-2021 оқу жылында Ректораттың атқарған қызметі мен қол жеткізген жетістіктері (Performans) туралы есебін университет Жарғысының 5-бабы (g) және (h) тармақшаларына сәйкес бекітуге шешім қабылданды.

## 4.Ректорат тарапынан дайындалған университеттің 2022-2026 жж. арналған Стратегиялық даму жоспарының жобасын ұсыну.

# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 70-МӘЖІЛІСІ

**Нұр-Сұлтан / Қазақстан 25/09/2021**

Ректор, университеттің ұзақ мерзімді келешек келбеті шеңберінде 2022-2026 жылдарды қамтитын 5 жылдық Стратегиялық даму жоспарының жобасы туралы мәлімет ұсынды. **(3-қосымша)**

Талқылау нәтижесінде:

Стратегиялық жоспарды Өкілетті Кеңес мүшелерінің ұсыныстары мен пікірлерін назарға ала отырып, келесі Өкілетті Кеңес мәжілісінде талқылау және бекіту туралы шешім қабылданды.

**5.Факультет және кафедра атауларының біріктірілуі және атауларының ауыстырылуы туралы университет Сенаты шешімін талқылау және бекіту**

Факультет және кафедра атауларының біріктірілуі және атауларының ауыстырылуы туралы университет Сенатының 22 маусым 2021 жылғы нөмірі 9-мәжілісінің 13, 17, 18 және 20 шешімдері талқыланды **(4-қосымша).**

Талқылау нәтижесінде:

5.1. ЖОО дейінгі дайындық факультетінің (Foundation) атауы - Дайындық орталығы (Foundation) ретінде өзгертілуіне,

5.2. Әлеуметтік ғылымдар факультеті мен Гуманитарлық ғылымдар факультеті біріктіріліп, атауы - Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті деп өзгертілуіне, құрамында мына кафедралардың бекітілуіне: «Қоғамдық ғылымдар» кафедрасы; «Журналистика» кафедрасы; «Білім технологиялары» кафедрасы; «Педагогика және психология» кафедрасы; «Тарих» кафедрасы,

5.3. Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебі атауы – Экономика, басқару және құқық факультеті деп өзгертілуіне, құрамында мына кафедралардың бекітілуіне: «Құқықтану» кафедрасы; «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасы; «Менеджмент және туризм» кафедрасы,«Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар» кафедрасы;

5.4. Теология факультеті ашылып, құрамында мына кафедралардың бекітілуіне: «Дінтану» кафедрасы, «Теология» кафедрасы шешім қабылданды.

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 70-МӘЖІЛІСІ**

**Нұр-Сұлтан / Қазақстан 25/09/2021**

**6. 6. 10.08.2021 жылғы 69-Өкілетті Кеңес мәжілісінде қабылданған 1.1.1 шешімге өзгеріс енгізу туралы Ректорат ұсынысын талқылау.**

69-Өкілетті Кеңес мәжілісінде қабылданған 1.1.1 шешімге өзгеріс енгізу туралы Ректорат ұсынысы талқыланды**(5-қосымша)**.

Талқылау нәтижесінде:

2021-2022 оқу жылындағы күндізгі білім беру бакалавриат бағдарламарының контингенті мен квота үлестіру шешіміне төмендегідей өзгеріс енгізілсін:

«Күндізгі білім беру бакалавриат бакалавриат бадарламасына 2002 студент, колледж бағдарламаларынан кейінгі қысқартылған 3 жылдық бакалавриат бағдарламаларына 22 студент, жоғары білімнен кейінгі жеделдетілген 2 жылдық бакалавриат бағдарламаларына 10 студент, жалпы саны 2034 студент» қабылдансын.

7. **7. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің Журналистика мамандығына Түркия квотасы бойынша қабылданған студенттерді Дайындық факультетіне жібермей тікелей 1-курсқа қабылдау туралы Ректорат ұсынысын талқылау.**

7. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің Журналистика мамандығына Түркия квотасы бойынша қабылданған студенттерді Дайындық факультетіне жібермей тікелей 1-курсқа қабылдау туралы Ректорат ұсынысы талқыланды.

Талқылау нәтижесінде:

Университеттің «Журналистика» мамандығына 2021-2022 оқу жылында мемлекеттік тапсырыс берілмегендігін назарға ала отырып, осы мамандыққа құжат тапсырған жоғары ұпай иеленіп Түркия квотасына түскен талапкерлерді Дайындық бөліміне (Foundation) жібермей тікелей 1-курсқа қабылдау, сондай-ақ, оқуға қабылданған бұл студенттердің Лингвистикалық орталықтың қосымша тілдік

бағдарламалары арқылы түрік/ағылшын тілдерін тиісті деңгейде меңгеруін қамтамасыз ету туралы шешім қабылдады.

**8. Тексеру комиссиясының мүшесін тағайындау туралы Өкілетті Кеңес Басқармасы ұсынысын талқылау**

Тексеру комиссиясының мүшесін тағайындау туралы Өкілетті Кеңес Басқармасының ұсынысы талқыланды.

Талқылау нәтижесінде:

04.05.2021 жылғы 68-Өкілетті Кеңес мәжілісінің 1.1. шешімі негізінде Тексеру комиссиясы мүшелігіне тағайындалған Асет Болатұлы Омаровтың (әкімшілік-шаруашылық және қаржы тексерушісі) басқа қызметке ауысуына байланысты, босаған Тексеру комиссиясы мүшелігіне ҚР Қаржы министрлігі тарапынан тағайындалған Түркістан облысы департаменттің №1 сәйкестік бөлімінің басшысы Сабит Жақсыбековтың (әкімшілік-шаруашылық және қаржы тексерушісі) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жарғысының 6-бабына сәйкес 06.09.2021 жылдан бастап қалған мерзімді соңына дейін аяқтау үшін тағайындалсын.

**9. 21.02.2020 жылғы 62-Өкілетті Кеңес мәжілісінде қабылданған 6.2.1. тармақшадағы шешімнің күшін жою және Ректораттың жаңа ұсынысын талқылау**

9. 21.02.2020 жылғы 62-Өкілетті Кеңес мәжілісінде қабылданған 6.2.1. тармақшадағы шешімнің күшін жою және Ректораттың жаңа ұсынысын қарастыру мәселесі талқыланды.

Талқылау нәтижесінде:

9.1. 21.02.2020 жылғы 62-Өкілетті Кеңес мәжілісінде қабылданған 6.2.1. тармақшасындағы шешімнің күші жойылсын.

9.2. ТР бюджеті есебінен төленетін Әлеуметтік жәрдем ретіндегі төлемдердің 2021-2022 оқу жылынан бастап «әкімшілік-басқару қызметіндегі ең кем PhD. (ғылым кандидаты) ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер мен оқытушы профессорлар құрамына ҚР Қаржы министрлігі тарапынан белгіленген «Базалық лауазымдық айлықақының тиісті қызметкердің лауазымдық еңбекақы коэффициентіне көбейту (*17697хкоэффициент=айлық жалақы)*

арқылы төлем жасау кестеде көрсетілген мөлшерге сәйкес белгіленсін және жүзеге асырылсын.

| Қызметі немесе атағы | ТР әлеуметтік жәрдем коэффициенті |
|---|---|
| Институт директоры, департамент директоры, декан | 0,75 |
| Директор (ҒЗИ/орталық ) | 0,70 |
| Офис немесе басқарма, орталық басшысы, кафедра меңгерушісі | 0,60 |
| Профессор, ғылым докторы | 0,65 |
| Доцент, ғылым докторы | 0,50 |
| Доцент, ғылым кандидаты немесе PhD. | 0,40 |
| Ғылым кандидаты немесе PhD. | 0,40 |

**10. 10.08.2021 жылғы 69-Өкілетті Кеңес мәжілісінде қабылданған 2-баптың «2021-2022 оқу жылы кәсіби біліктілік арттыру мен тәжірибе алмасуға жіберілетін үміткерлердің контингенті мен мамандықтарын белгілеу» туралы шешіміне өзгерістер енгізу мәселесін талқылау**

10.08.2021 жылғы 69-Өкілетті Кеңес мәжілісінде қабылданған 2-баптың «2021-2022 оқу жылы кәсіби біліктілік арттыру мен тәжірибе алмасуға жіберілетін үміткерлердің контингенті мен мамандықтарын белгілеу» туралы шешіміне өзгерістер енгізу мәселесі талқыланды.

Талқылау нәтижесінде:

10.08.2021 жылғы 69-Өкілетті Кеңес мәжілісінде қабылданған 2-баптың «2021-2022 оқу жылы кәсіби біліктілік арттыру мен тәжірибе алмасуға жіберілетін үміткерлердің контингенті мен мамандықтарын белгілеу» туралы 2-бап шешімі төмендегідей өзгертілсін және жаңадан белгіленсін.

| № | Мамандық атауы | Контингент | Мерзімі |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | Радиология | 2 | (3 және 6 ай) |
| 2. | Кардиология | 1 | (1 жыл) |
| 3. | Көз аурулары (офтальмология) | 1 | (1 жыл) |
| | **Жалпы** | | **4** |

**11. Регламенттерге толықтыраулар мен өзгерістер енгізу туралы ұсынысын талқылау.**

Регламенттерге толықтыраулар мен өзгерістер енгізу ұсынысы талқыланды.

Талқылау нәтижесінде:

11.1. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес Басқармасы Шәкіртақы тағайындау регламентінің

11.1.1. Шәкіртақы тағайындау шарттары көрстілген 5-бап, 3-тармақшасы төмендегідей өзгертілсін.

"5-бап. (3) Осы мақсатта шәкіртақы тағайындалатын ізденушілермен 1-үлгідегі келісімшарт жасалады (1-қосымша) және нотариус кеңсесінде расталған (куәландырылған) кепілдік рәсімделеді."

11.1.2. Шәкіртақы төлеу кезеңдері мен мерзімі айқындалған 8-бап, 1-тарау, b тармақшасы төмендегідей өзгертілсін және (c) тармақшасы соңына төмендегідей сөйлем қосылсын;

"8-бап. (1) b) Үміткерге, тіркелген институт басшылығы мамандығы бойынша ғылыми дайындық үдерісінен өтуі жөнінде талап қойған жағдайда, аталған ғылыми дайындық үдерісі кезеңі бойынша (ең көп екі семестр) шәкіртақы төленеді. Ғылыми дайындықтағы студент мерзім соңында дайындық пәндері бойынша төмен үлгерім көрсеткен жағдайда шәкіртақы берілу тоқтатылады".

c) ..."Белгіленген мерзім соңына дейін түлек болмаған шәкіртақылы зерттеушіге, дәлелді себептерін көрсете отырып берген уақыт создыру өтінішіне Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан мақұлданған жағдайда ең көп 6 ай шәкіртақысыз қосымша уақыт беріледі.";

# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 70-МӘЖІЛІСІ

**Нұр-Сұлтан / Қазақстан 25/09/2021**

11.1.3. Шәкіртақы мөлшерінің азайтылуы немесе шәкіртақы берілуінің тоқтатылуы айқындалған 9-бап, 1-тарау, b және c тармақшалары төмендегідей өзгертілсін;

9-бап. (1)....

b)Магистратура бағдарламасының4-семестрі соңында міндетті және таңдаулы пәндер қорытындысына сәйкес табысты болмаған шәкіртақылы ізденушге шәкіртақы берілуі толық тоқтатылады.

c) "Докторантура бағдарламасының 4-семестрі соңында міндетті және таңдаулы пәндер қорытындысы бойынша немесе біліктілік емтиханын екінші рет тапсырып өте алмаған жағдайда шәкіртақылы ізденушіге шәкіртақы берілуі толық тоқтатылады."

11.1.4. Шәкіртақы төлемдері және мөлшері көрсетілген 11-бап, 1-тарау d) және e)тармақшалары төмендегідей өзгертілсін;

11-бап. (1) ....

d) "ЖОО кейінгі білім беру/резидентура (медицина саласында мамандану) бағдарламасы негізінде келген шәкіртақылы зерттеушінің, өзінің және Түркияда тұрып жатқан жұбайы мен балаларының виза, міндетті денсаулық сақтандыру төлемдерінің жасалуы мүмкін болмаған жағдайларда дербес денсаулық сақтандыру төлемдері, нотариус және оқу ақысы, уақытша тіркелу шығындары шәкіртақы төленетін бір жылдық мерзімді соңына дейін жеткізу шартымен жылына бір рет ең көп дегенде 90 күндік мерзімге еліне бару-қайтужол шығындары төленеді.

e) Кәсіби біліктілік пен тәжірибені арттыруға келген тұлғалардың уақытша тіркелу төлемақылары, міндетті денсаулық сақтандыру төлемдерінің жасалуы мүмкін болмаған жағдайларда дербес денсаулық сақтандыру төлемдері, нотариус және оқу ақысы, уақытша тіркелу шығындары, азаматы болып табылатын мемлекетке бару және қайту жол шығындары төленеді. Оқу мерзімі ұзартылған жағдайда, шәкіртақы төленетін бір жылдық мерзімді соңына дейін жеткізу шартымен жылына бір рет ең көп дегенде 30 күндік мерзімге мемлекетіне бару-қайтужол шығындары төленеді."

11.1.5. Білім алуын ынталандыру және қолдау мақсатында тағайындалатын шәкіртақылар мәселесі көрсетілген бөлімнің 13-бап, 3-тармақшасы төмендегідей өзгертілсін;

"13-бап (3). Білім алуын ынталандыру және қолдау мақсатында тағайындалатын шәкіртақылардың белгіленуінде бюджет мүмкіндіктері назарға алынады. Шәкіртақы тағайындалған студенттердің саны жалпы 30 (отыз)-дан аспайды, -деген сөйлем қосылсын;

# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 70-МӘЖІЛІСІ

**Нұр-Сұлтан / Қазақстан 25/09/2021**

11.1.6. Шәкіртақы тағайындалатын үміткерлердің іріктелуі мәселесі көрсетілген 14-бап, 1-тармақшасы төмендегідей өзгертілсін;

"14-бап. (1) Білім алуын ынталандыру шәкіртақысы Өкілетті Кеңес Басқармасына жыл сайын Ақпан айының соңына дейін берілген өтініштер негізінде Өкілетті Кеңес төрағасының келісімімен тағайындалады.

11.1.7. Соңғы және басқа да ережелер бөлімінің 36-бап, 1-тармақшасының соңына мынатөмендегі сөйлем қосылсын;

"36-бап. (1)... Қосымша мерзім алған шәкіртақылы зерттеуші осы көрсетілген мүмкіншіліктен пайдалана алмайды."

11.1.8. Шәкіртақы келісім-шарты 1-үлгі, 4-баптың е, f және g тармақшалары төмендегідей өзгертілсін;

"4-бап. e) Түркиядағы білім алуын аяқтағаннан кейін, Түркияда қанша мерзім шәкіртақылы негізде білім алған болса (демалыс күндерін қосқанда), сонша мерзім көлемінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Қазақстандағы құрылымдық бірліктерінің бірінде міндетті қызмет атқаруға келісім береді."

f) "Міндетті қызметіне кіріспеген немесе жұмыс істеу мерзімі аяқталмай тұрып университеттегі жұмысынан өз еркімен босаған жағдайда білім алуы үшін жұмсалған қаражаттың барлығын заңды пайызымен нақты немесе белгілі бір мөлшерін (белгіленген мерзімдер аралығында теңдей бөлшектерін жүйелі қайтару арқылы) Қазақстан Республикасының азаматтары Ректоратқа, басқа мемлекеттің азаматтары Өкілетті Кеңес Басқармасына қайтаруға міндетті"

g) "Шәкіртақы тағайындау регламентінде көрсетілген себептерге байланысты шәкіртақы берілуі тоқтатылыған тұлғалар білім алуы үшін жұмсалған қаражаттың барлығын заңды пайызымен нақты немесе белгілі бір мөлшерін (белгіленген мерзімдер аралығында теңдей бөлшектерін жүйелі қайтару арқылы) Қазақстан Республикасының азаматтары Ректоратқа, басқа мемлекеттің азаматтары Өкілетті Кеңес Басқармасына қайтаруға міндетті."

11.2. Қожа Ахмет Ясауи атындағыХалықаралық қазақ-түрік университеті «Жәрдемақы және сыйақы (марапаттау) регламентінің

11.2.1. Жемісті еңбек сыйақысы көрсетілген 9-бапқа төменде көрсетілген 2-тармақша қосылсын:

(2) Халықаралық деңгейдегі спорттық іс-шараларда жоғары нәтижелерге қол жеткізген университет спортшыларына университет ректоры мен ректор өкілінің бекітуімен төмендегі кестеде көрсетілген мөлшерде Өкілетті Кеңес Төрағасы тарапынан нақты сыйақы беріледі.



İ.K.

**Нұр-Сұлтан / Қазақстан 25/09/2021**

| Халықаралық сайыс түрі | I орын (Теңге) | II орын (Теңге) | III орын (Теңге) |
|---|---|---|---|
| **Олимпиада** | 3.000.000 | 2.000.000 | 1.000.000 |
| **Әлем чемпионаты** | 1.000.000 | 750.000 | 500.000 |
| **Азия және Еуропа чемпионаты** | 300.000 | 200.000 | 100.000 |

11.2.2. Мақала жариялауға байланысты берілетін ынталандыру сыйақысы көрсетілген 10-бап 1 және 3-тармақшаларының төмендегідей өзгертілуіне:

10-бап (1). «Университетте қызмет атқаратын оқытушы профессорларға, қызметкерлерге, университетте немесе университет атынан басқа ЖОО кейінгі білім беру бағдарламаларында білім алып жүрген тұлғаларға және университет атынан мақала жариялаған авторларға, Халықаралық ғылыми базаларда (**Thomson Reuters: Web of Science/Web of Knowledge; Scopus**) индекстелетін ғылыми журналдарда жарияланған әрбір мақаласы (жоба (іс) таныстыру, түйіндеме, редакторға хат т.б. қоспағанда) және алынған әрбір инновациялық патенті үшін төменде кестелерде көрсетілген ынталандыру сыйақысы төленеді:

**Импакт-факторлы басылымдарда медицина және жаратылыстану бағыттары бойынша жарияланған мақалалар үшін:**

| Индекс атауы | 600 000 Тенге | 430 000 Тенге | 300 000 Тенге | 200 000 Тенге | 150 000 Тенге |
|---|---|---|---|---|---|
| Jornal Cıtatıon Reports (Clarivate Analytics) | 1 квартиль | 1 квартиль | 2 квартиль | 3 квартиль | 4 квартиль |
| CiteScore (Scopus) | процентиль (99-90)% | процентиль (89-75)% | процентиль (74-50)% | процентиль (49-35)% | процентиль (34-1)% |

**Нұр-Сұлтан / Қазақстан 25/09/2021**

**Импакт-факторлы басылымдарда Әлеуметтік ғылымдар бойынша жарияланған мақалалар үшін:**

| **Индекс атауы** | **900 000 Тенге** | **800 000 Тенге** | **500 000 Тенге** | **400 000 Тенге** | **300 000 Тенге** |
|---|---|---|---|---|---|
| Jornal Cıtatıon Reports (Clarivate Analytics) | 1 квартиль | 1 квартиль | 2 квартиль | 3 квартиль | 4 квартиль |
| CiteScore (Scopus) | процентиль (99-90)% | процентиль (89-75)% | процентиль (74-50)% | процентиль (49-35)% | процентиль (34-1)% |

**Патент үшін:**

| **Патент атауы** | **Ынталандыру сомасы** |
|---|---|
| Халықаралық (РСТ) | **300 000 Тенге** |
| Еуразиялық | **200 000 Тенге** |
| Республикалық | **100 000 Тенге** |

(3) Жарияланған мақалаларда мекен-жай ретінде «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» атауының көрсетілуі, мақала жарияланған уақытта автордың Ахмет Ясауи университетінде қызмет атқарып жатқан болуы, университетте немесе университет атынан басқа ЖОО кейінгі білім беру бағдарламаларында білім алып жүрген тұлға болуы тиіс. Жарияланған мақаланың бірден көп авторы (авторлар ұжымы) болған жағдайда, марапаттау сыйақысы тек университет оқытушы-профессор құрамы, қызметкерлер, университетте және университет атынан ЖОО кейінгі білім беру бағдарламаларында білім алып жүрген тұлғаларға және университет атынан мақала жариялаған авторларға үлесі мөлшерінде теңдей етіп бөлінеді және төленеді. Ынталандыру сыйақысын алу үшін мақала жарияланған және патент алынған күннен бастап бір жыл (он екі ай) ішінде өтініш өткізу қажет.

11.3. «Қожа Ахмет Ясауи Әкімшілік-шаруашылық қызметкерлер регламентінің» университеттің Әкімшілік-шаруашылық құрылымы көрсетілген 7-баптың төмендегідей өзгертілуіне:

# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 70-МӘЖІЛІСІ

**Нұр-Сұлтан / Қазақстан 25/09/2021**

7-бап. (1) Университеттің әкімшілік-шаруашылық құрылымы Ректоратқа қарасты мына бөлімдерден тұрады. Төменде көрсетілген құрылымдық бірліктердің қызметтік міндеттері мен жауапкершіліктері Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы тарапынан дайындалған және Ректорат тарапынан бекітілген қызметтік нұсқаулар арқылы айқындалады. Жаңа құрылымдық бірліктердің ашылуы Өкілетті Кеңес шешімімен, ал төменде көрсетілген құрылымдық бірліктерге бағынышты бірліктердің ашылуы Сенат шешімімен жүзеге асырылады. Университеттің құрылымын бекіту құзыреті ректор және ректор өкіліне берілсін.

**(2) Университеттің әкімшілік-шаруашылық құрылымы төмендегі негізгі бөлімдерден тұрады.**

1. Академиялық департамент
   1.1. Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімі
   1.2. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі
   1.3 Жоғары білімнен кейінгі оқу бөлімі
   1.4. Тіркеуші офисі
2. Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығы
3. Студенттерге қызмет көрсету орталығы
4. Біліктілікті арттыру орталығы
5. Лингвистикалық орталық
6. Кәсіби бағдар орталығы
7. Кітапхана
8. Ғылым департаменті
   8.1. Ғылыми зерттеулер бөлімі
   8.2. Ғылыми институттар мен орталықтар
   8.3. Ғылыми басылымдар бөлімі
   8.4 Диссертациялық кеңестер
9. Коммерцияландыру офисі
10. Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы
11. «Yassawi» академиялық үстемдік орталығы
12. Медицина факультеті
13. Стоматология факультеті
14. ЖОО кейінгі медициналық білім беру факультеті
15. Клиникалық-диагностикалық орталығы
    15.1. Стоматология клиника
16. Жастар саясаты департаменті
    16.1. Жастар орталығы

**Нұр-Сұлтан / Қазақстан 25/09/2021**

16.2. Спорттық сауықтыру орталығы
16.3. «Рухани жаңғыру» ҒТО
«Саналы ұрпақ» кеңсесі
17. Мәдениет орталығы
17.1. Б.Кенжебаев атындағы Түркология мұражайы
17.2. Түркі халықтарының мәдениеті бөлімі
18. Медиа орталығы
16.1. Маркетинг және PR бөлімі
19. Жатақханалар орталығы
20. «АИ» дәрігерлік амбулаториясы
21. Түлектер Ассоциациясы
22. Адам ресурстарын басқару бөлімі
23. Кеңсе бөлімі
24. Архив бөлімі
25. Заң бөлімі
26. Ақпараттық технология департаменті
26.1. Ақпараттық қауіпсіздік бөлімі
26.2. Техникалық жөндеу және сервис бөлімі
26.3. Бағдарламамен қамтамасыз ету және автоматтандыру бөлімі
26.4. Оқуға қолдау көрсету бөлімі
27. Сатып алу бөлімі
28. Ішкі қауіпсіздік бөлімі
29. Қаржы департаменті
29.1. Жоспарлау бөлімі
29.2. Бухгалтерия бөлімі
30. Халықаралық байланыстар департаменті
30.1. Академиялық ұтқырлық бөлімі
30.2. Виза бөлімі
30.3. Халықаралық офис
30.4. Аударма орталығы
31. Даму және үйлестіру департаменті
31.1. Тұран баспасы
31.2. Студенттік асхана
31.3. «Яссы» қонақ үйі
32. Шаруашылық департаменті
32.1. Электр энергиясымен қамтамасыз ету басқармасы
32.2. Көгалдандыру бөлімі
32.3. Құрылыс және жөндеу бөлімі
32.4. Коммуналдық қызмет көрсету бөлімі
32.5. Автокөлік бөлімі

32.6. Виварий зертханасы
32.7. Техникалық және автоматикалық қызмет көрсету бөлімі
33. Орталық қойма
34. Ботаникалық бақ
35. Шымкент кампусы
36. Кентау кампусы
37. Ахмет Ясауи кәсіби колледжі
38. Факультеттер: Дайындық орталығы (Foundation), Инженерия, Жаратылыстану ғылымдары, Филология, Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар, Теология, Спорт және өнер, Экономика, басқару және құқық, Стоматология, Медицина, ЖОО кейінгі медициналық білім беру.

11.4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 25 наурыздағы №122 бұйрығын орындау мақсатында, өзгертілген коэффициенттерге сәйкес айлық жалақылардағы төлем жасауларды реттеу мақсатында «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Еңбек ақы төлеу регламентінің» 1, 2 және 3-қосымшаларды осы ӨКМ жиналысының 6-қосымшасында көрсетілген кестеге сәйкес өзгертілуіне (2-кестедегі лауазымдық еңбекақы коэффициенттеріне енгізілген өзгерістер егжей-тегжейлі жазылып, Өкілетті Кеңес мүшелеріне ұсынылады) шешім қабылданды.

**12. Ұсыныстар мен тілектер.**

Өкілетті Кеңес мүшелері мәжілістің ұйымдастырылуы мен атқарылған дайындық жұмыстарына байланысты өз ризашылықтарын және келесі Өкілетті Кеңес мәжілісінің 2 желтоқсан 2021 ж. Түркістан қаласында өткізу туралы ұсыныс білдірді.